



Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 18 қаңтар N 69

"Өндірістік кооператив туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 5 қазандағы N 2486 Z952486_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
18 қаңтардағы
N 69 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші
жойылған кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. "Қазақ ССР-інде кооперативтер қызметінің кейбір түрлерін реттеу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1989 жылғы 31 мамырдағы N 167 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ,

1989, N 15, 54-бап);

2. "ССРО Министрлер Советі мен КОБОС-тың "Соғыс, еңбек және ССРО Қарулы Күштері ардагерлерінің кооперативтерін дамыту үшін қосымша жағдайлар жасау туралы" 1990 жылғы 23 наурыздағы N 323 және ССРО Министрлер Советінің "Кооперативтер шұғылдануға праволы емес қызмет түрлерінің тізбесін толықтыру туралы" 1990 жылғы 31 мамырдағы N 540 қаулылары туралы" Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ республикалық кәсіподақ советінің 1990 жылғы 21 маусымдағы N 259 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1990, N 16, 90-бап);

3. "Мемлекеттік кәсіпорындардың өздерінің жанынан құрылған кооперативтермен өзара қарым-қатынастары туралы" ССРО Министрлер Советінің 1990 жылғы 2 қарашадағы N 1132 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 20 қарашадағы N 452 қаулысы;

4. "Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақ республикалық кәсіподақ советінің 1990 жылғы 21 маусымдағы N 259 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 5 маусымдағы N 504 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 22, 359-бап);

5. "ССРО Министрлер Советінің 1990 жылғы 14 шілдедегі N 1119 өкімін жүзеге асыру туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1990 жылғы 14 тамыздағы N 325 қаулысының 3-тармағы.